

*Иманбекова Б.*

## ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ ТУРАЛЫ БАТЫСТЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР

*Иманбекова Б.*

### ЗАПАДНАЯ И ВОСТОЧНАЯ КОНЦЕПЦИИ О ЗНАЧЕНИИ СОЦИАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ

*В статье рассматриваются западные и восточные концепции о личности с целью выявления социальную сущность и роль человека в обществе.*

Тұлға қалыптастыру әр кезеңде де маңызды мәселе саналған. Ол белгілі бір қоғамның, тарихи дәуірдің жемісі болып табылады. Оның қоғамдағы орны көптеген әлеуметтік белгілермен сипатталады. Қоғамның үздіксіз даму барысында түрлі көзқарастар мен ұстанымдар тұжырымдалды. Өйткені, қоғамдық өмірдің әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қырларындағы өзгерістер тұлға әрекетінен тыс болмайтыны белгілі. Сондықтан да тұлға мәселесін әр қырынан зерделеу қажеттілігінің тууы заңдылық. Жалпы тұлға мәселесі әр ғылым саласында да әр дәуірде де өз кезегінде кеңінен қарастырылған. Тарихқа көз жүгіртсек, ол ежелгі ойшылдардың адамтану тұжырымдамаларынан бастау алады.

Ежелгі Грекияда адамның өзін-өзі тануынан тұрмыстың шешімін, философиялық таным көзін көрді. Эллиндіктер адам денесіне табынушылықты туғызды, олар оның керемет кескін келбетін мадақтап табиғаттың осындай ғажайып жемісіне таңданып тамсанды. Грек философиясы мен өнерінде адам табиғаты оның кескін келбеті мен бейнесі күмән-келтірмейтін жетілу мен үйлесімділік идеалы ретінде көрсетілді. Гректер адамның табиғи жаратылысының идеалын жасады. Жер перзентінің табиғи келбетінің өзгеруі мүмкін емес деп ойлады. Олар жеке бастың кісілігімен оның кез-келген қасиетінің мәнділігі туралы да ойланды. Сократ қоғамдағы адам тәуелсіз жан, әрі оның тәуелсіздігі адамға тән адамгершілік пен абыройға лайықты мақсатпен, саналы таныммен бірігуі тиіс деп тұжырымдаған. Сонымен қатар ғұлама өмір заңдылықтары адам санасында орнығып, соның нәтижесінде ол өзін өзі тануы қажет деп санаған.

Ал Платон адам қасиеттерінің жан-жақты үйлесімді дамуы туралы құнды пікір білдірді. Ол өз ойларын «Республика» деген еңбегінде адам өмірі табиғи заңдылықтармен емес, қоғам заңдарымен басқарылады деп түйіндейді. Адам оны меңгеру арқылы елінің азаматына айналады дейді. Ендеше, Платон адамды тұлға ретінде

қарастырады деуге болады.

Платонның шәкірті - Аристотель (б.з.д.384-322 жж.) «Саясат» деген еңбегінде адамды тұмысынан қоғам деп көрсетеді.

Ғұлама ойшыл Марк Тулий Цицерон (б.з.д. 106-43 жж.) өзінің «Мемлекет туралы», «Зандар туралы», «Міндеттер туралы» еңбектерінде тұлғаның құқықтық тәуелсіздігі мен теңдігі туралы тұжырымдарын негіздеген. Цицеронның пікіріне жүгінсек, адамды әр жақты дамуға жетелейтін төрт нәрсе бар, олар: ақыл, әділетті болу, ерлік және сабырлық.

Ежелгі дәуірдің соңына қарай адам туралы эллиндік көзқарас біршама өзгерді. Көрнекті ойшылдардың бірі Сенека адамның періштедей тазалығын бекерледі. Ол адамның бойында күнәһарлық бар деген ойға келді. Бұл кезеңде адам тәні жанның уақытша тұрағы ретінде қарастырылды. Тәнге табыну енді рухты дәріптеумен алмасты. Сенека пікірінше рух тәннен жоғары. Сенека Ғарышты Құдайға ауыстырды. Ол алғаш рет адамның хайуаннан артықшылығы оның ақыл-ойы екендігі туралы кесімді пікір айтқан ойшыл болды. Оның пікірінше адам өзін бақытты сезінуі үшін қара басының қамы үшін ғана емес, өзгелер және қоғам үшін де өмір сүруі тиіс. Сонымен қатар ол білім мен даналықты жоғары бағалап, оны игеруді насихаттады. Адамды басқа жаратылыс иелерімен салыстырып зерттеп, оған баға беруге тырыскандардың бірі Протагор болды. Ол: «адам барлық нәрсенің өлшемі» деген қанатты сөз қалдырды.

Ал қоғамдық өмірде діни көзқарас үстемдік еткен орта ғасырда өмір сүрген христиан теологі, философы Аврелий Августин «Құдай қаласы туралы» еңбегінде адамдардың жаратылысы туралы сөз ете келе, құдай адамдарға таңдау құқын берген дейді. Осы кезеңдегі белгілі философ, теологтардың бірі Фома Аквинский «Билеушілердің басқаруы туралы», «Теологияның жиынтығы» деген еңбектерінде адамдардың ерік бостандығы мен оның жауапкершілігінің байланысы туралы жазады. Фома Аквинский Аристотельдің адам қоғамдық тіршілік иесі деген тұжырымын өз дінінің қағидаларына бейімдеп қолданды. Адам туралы христиандық тұжыр-

даманы Моисей мен Христостың пікірлерінен негіз алған деуге болады. Олар адам идеалы - басқаның арына тимеу, даналықпен өмір сүру, зорлық қылмау, қорлыққа төзу, барша тіршілік иесін тіпті жауыңды да жақсы көру, оларды өз азаматтарыңнан алаламау деп есептеді. Тән христандық дінде адамның барлық зұлымдығының себепшісі ретінде қарастырылды. Дін тәннің күнәһарлығын ашты және адам табиғатының толықтығына күмән келтірмеді. Бұл туралы Н. Бердяев: «христандық адамды ғарыштық шексіздік билігінен босатып, оны табиғаттан емес құдайдан тәуелді етіп қойды» деді. Христандық тұжырымдама адамды Исус тағдыры сияқты қиын, қайғылы жолға жетелейді, өйткені алда - қиямет күн бар дейді. Сондықтан Исустың тағдыры да махаббаты да үміті де қайғылы. Сол себептен бұл тұжырымдаманы аскеттік адамның тұжырымдамасы деуге болады.

Қайта өрлеу дәуірінде де адам мәселесі өзекті болды. Италиялық тарихшы Никколо Макиавелли «Патша», «Тит Ливийдің алғашқы онкүндігі туралы ой-пікірлер», «Флоренция тарихы» атты еңбектерінде адам іс әрекеті мен оның тағдырының өз қолында екендігі туралы келелі пікірлер білдірген.

Француздың көрнекті құқықтанушысы Шарль Луи Монтескье (1689-1755 жж.) «Заңдар рухы» еңбегінде пайымды тұжырымдар жасайды. Ол еркіндік пен теңдік, мемлекеттегі адам табиғаты мен құқық негіздеріне қатысты пікірлерін ортаға салды.

Ал материалист Дени Дидроның «Племянник Рамо» еңбегінде адам табиғаты, оның шығу тегі туралы пайымдаулары айтылған. Оның пікірінше, адамдарға қоғамдастықта өмір сүруге ұмтылу қасиеті тән.

Көрнекті ойшыл Жан-Жак Руссо «Қоғамдық келісім туралы немесе саяси құқық ұстанымдары» атты туындысында еркіндік пен теңдікті ерекше құндылықтар ретінде санайды. Оның пікірінше, тұлға құндылығы тек қоғам және мемлекетпен аралықта ғана мойындалады, сондықтан еркіндік заңға бағыну ретінде қарастырылады.

Ірі ойшылардың бірі Клод Адриан Гельвеций «О человеке, его умственных способностях и его воспитании», «Об уме» еңбектерінде адамның мінез-құлқын оны қоршаған орта айқындайды дейді. Сонымен қатар ол адамның қалыптасуындағы әлеуметтік ортаның ықпалына ерекше мән береді.

Поль Анри Гольбах 1770 ж. Амстердамда жарық көрген «Система природы» атты еңбегінде адам еркіндігі мен тәуелсіздігі туралы мәселелерге ерекше мән берген.

Неміс философы Иммануил Кант «Метафизическое начало учения о праве», «К вечному миру» деген еңбектерінде өз пайымдауларын «категориялық императив» деп тұжырымдады. Оның мәні - әрбір адамның іс-әрекеті басқаға үлгі боларлықтай болуға тиіс. Сонымен қатар ойшылдың ойынша, адамдар тұлға ретінде өзіндік «Менін» адамгершілігіне бағындыратын сана-сезімнің арқасында ғана қалыптасады.

Ағылшын философы Джон Локк «Басқару туралы екі трактат» деген еңбегінде адамдардың еркіндігі мен теңдігінің шексіз құндылық екендігін дәлелдеуге тырысқан. Ол тұңғыш рет жеке тұлға мүддесін қоғам мен мемлекет мүрат-мүдделерінен жоғары қойған ойшыл ретінде танылды.

XIX ғасырдағы көрнекті француз идеологі Бенжамен Констан «Курс конституционной политики» деген еңбегінде тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын қарастырған. Ол еңбегінде азаматтық (жеке) бостандық пен саяси бостандықты ажыратып көрсетеді. Және ойшыл индивидтің құқығына шектеу болмауы керек деген маңызды түйін жасайды.

Дж.Локк, А.Смит, И.Кант, Т.Джефферсон, Дж.Милль сияқты көрнекті ойшылдар адамның еркіндігін зор құндылық ретінде, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының қоғам мүдделерінен жоғары тұруы; адамдардың теңдігі туралы пайымды пікірлер білдірді. А.Сен-Симон, Ш.Фурье, Р.Оуэн өз еңбектерінде әрбір адам қабілетіне қарай, жұмыс істеу мүмкіндігі мен еңбегіне қарай ақы алу мүмкіндігі туралы және т.б. тұжырымдар жасады.

Р.Оуэннің пікірінше, адамның мінез-құлқы индивидтің, табиғи қоғамдастықпен және оны қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының нәтижесі және сондай байланыста ғана ол басты рөлге ие болмақ.

Чарльз Дарвин дін мен медицинаны зерттеп, зерделей келе, осы күнде өмір сүріп жатқан ағзалармен бұрынғы замандаға ағзалардың туыстығы туралы болжам ұсынды. Ч. Дарвин ұсынысының сонылығы - оның ұсынған механизмінде, яғни табиғи іріктеуде болды. Оның тұжырымдамасы адамның «эволюциялық тұжырымдамасы» деп аталды. Ол адамды будандастыру нәтижесі және өмір сүру үшін күрес иесі ретінде көрсетті. Бірақ будандастыру ешуақытта түрдің жақсаруын бермейтіні, керсінше оны бұзатыны кімге болса да белгілі. Сонымен қатар Дарвин теориясы екі бағытта дәстүрлі христиандықтың қарсылығын туғызды. Біріншіден, адамның қайталанбас, сонылығы туралы пікірге, оның адаммен маймыл бір тектен жаратылған деген пікірі қарсы келді. Екіншіден, оның теориясында эволюциялық даму мақсатына орын болмады. Өйткені табиғи іріктеу

көрсөкыр еді. Ч.Дарвинді көптеген замандастары қолдады, себебі, атеизм бұл кезеңде әйгілі ағымға айналған еді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қалыптасқан маркстік саяси идея әр жақты дамыған, еркін адамды қалыптастыру туралы пікірлер қалыптастырды. К.Маркстің пікірінше, қоғам - адамның өмір сүруінің негізі. Тек қоғамда ғана адам өз мәнінде жетіліп, оның түрлі мұрат-мүдделері мен қажеттіліктері жүзеге асырылады. Оның пікірі бойынша адамның тұрмыстық қажеттілігі толығымен қанағаттандырылса, оның сана-сезімі мен мәдени деңгейінің дәрежесі артады. К.Маркс адам-биоэолеуметтік тұлға деген пікір айтты. Оның пікірінше адам дерексіз емес, ол қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Сондықтан адам қоғам тарапынан құқықтық, эстетикалық, адамгершілік ықпалдың нысаны болып табылады. Маркс адам белсенділігін тарихпен өзара белсенді әрекеттестікпен байланыстырды. Маркс жағдай адамды, адам жағдайды туғызады сондықтан, осы үрдіс адам санасының өсуін, оның тұлғалық сипатының өзгеруін сипаттайды деп түйіндеді. Нәтижесінде «хомосоциалис» тұжырымдамасы дүниеге келді. Яғни адам өзін жағдайдан бөлмейді, өзін қоғамның бөлігі ретінде сезінеді. Ол біз адамды қоғамнан бөлу арқылы, адамның өзін жоямыз деп санады. Нәтижесінде қоғамдық қатынастардың жекеден басымдық танытуын туғызды деуге болады.

В.И.Ленин тұжырымдамасы коммунизм құрылысшысы - адам тұжырымдамасын жасады. Ол қоғам мен адам өмірін бір схема бойынша құруға тырысты. Жоғарыдағы басқа тұжырымдамаларды ескерсек, мұның қисынсыздығы аңғарылады.

Ал Ф. М. Достоевский тұжырымдамасындағы адам бейнесі - бұл ішкі жан дүниесі бай тұлға. Құдаймен келісімде өмір сүрген адам - оның тұжырымдамасының басты бөлігі. Мұндай көзқарас философтардың пікірінше орыс идеалистік философиясы гүлденген кезеңде В.Л. Соловьев, В. Розанов және т.б. еңбектерінен басталған. Орыс мәдениетінде Ф. М. Достоевский «жаңа гуманизмді» негіздеген ойшыл ретінде танылды. Ондағы жоғарғы мәртебе-жақсылық пен зұлымдықты таңдау еркі болып табылады. Мұны ол адам рухының шыңы мәдениеттің жүрегі деп есептеді. Сонымен қатар адамның құндылық екендігі туралы идеяны ұсынды. Ойшыл өмірдің мағынасы адам өмірінің өзінде дейді. Оның бұл идеяларын туындыларындағы кейіпкерлерінің әрекетінен айқын аңғарамыз. Оның пікірінше, адам адамдық күйге жету үшін өмір сүреді. Ад адамдық күй дегеніміз бұл жалпы

күнәһарлық, жалпы жауапкершілік және бауырмалдық. Белгілі ғалым В.С.Кукушин пікірінше, Ф.М. Достоевский мен социализмді біріктірген бір ғана нәрсе - бұл теңдік және рухани бауырмалдық идеясы болды. Сонымен қатар ол тәрбие күшіне сенген адам. Оның кейіпкерлері князь Сышкин, Карамазов және т.б. сияқты күшті, жағымды ойлайтын адамгершілікті адамдар басқаларға қиын сын сағаттарда ықпал етеді. Ендеше Ф.М.Достоевский тұжырымдамасы - бұл рухани, адамгершілікті адам тұжырымдамасы екен.

Фридрих Ницше тұжырымдамасы «толстовство» кезеңінде қатар қалыптасқан. XIX ғасырдың соңында адамдарды экзистенциалдық тастандылық сезімі қинай бастады. Маркс сияқты ол да адам өзінің қазіргі түрінде тіршілік үшін күрес жолында пайда болды деп есептейді. Ницше мен Адольф Гитлер пікірлері арасында үндестік те байқалады. Өйткені ол ерекше адам, яғни, айрықша қатыгез интеллект пен спартандық ерік-жігердің иесі туралы жазды. Алғашқылары- бірді екілі болса, екіншілері көпшілік. Өлсіздермен жолы болмағандар өлуі қажет- біздің адам сүюміздің альфасы міне, осы»-деп тұжырымдады ол. Оның пікірше қарабайыр көпшілік азғантай дарындылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өмір сүреді. Біздің жоғарғы мәдениет деп атайтындарымыздың барлығы да қатыгездікті күшейту мен рухтандыруға негізделген»-дейді. Оның «қайырымды адамы» шын мәнінде - табиғаттың басты күші билік пен үстемдікте деп есептейтін қатыгез адам еді. Ф. Ницше адамды биологиялық жағынан жетілген деп есептемеді. Оның бойынша адам - әлі қалыптаспаған хайуан, биологиялық тұрғыдан кемтар жаратылыс иесі, сондықтан ол көбеймеуі тиіс. Ф. Ницше тұжырымдамасындағы адам бейнесі тіршілік атаулығы жауыздық пен опат әкелетін қатыгез әрі менмендерді қалыптастырар еді.

Зигмунд Фрейд адамның психоаналитикалық тұжырымдамасын жасады. А. Адлер, К. Г. Юнг және т.б. жаңа фрейдистер Фрейдтің «адам рационалды (санасыз) екі бөліктен тұрады» деген негізгі идеясын ұстанды. Фрейдтің жаңашылдығы иррационалдықты ашуында болды. Оның пікірінше адам өмірінің психикалық моделі үш элемент: «мен» және «жоғарғы»-«мен»-ді құрайды. Қысқашы айтқанда, Фрейд пікірінше, әлемді махаббат билейді.

«Орыс космизмінің» идеясы орыс философиясында ерекше орын алды. Олар: В.Ф.Достоевский, А. В.Сухова-Кобылина,

Н.Ф.Федорова, В.С. Соловьева және т.б. Ресейде өткен ғасырдың бір бағыты ретінде ғарыштық бағыт пайда болды. Олардың пікірінше, адам - ұдайы жетілу, өсу үрдісінде болатын толық жетілмеген, сонымен қатар тек сыртқы әлемді ғана емес өзінің ішкі табиғатын да өзгертуге жаралған саналы-шығармашыл тұлға.

А. Л. Чижевский биосфера өмірімен әлеуметтік ырғақ Күн ырғағынан тәуелді деген теорияны жасады. Ол: «Бұлар Ғарыштың шығармашылық қозғалысының Жердің инерттік материалының әсерінен туған, жерден гөрі белгілі бір үлкен дәрежедегі ғарыштық құбылыс. Ол осы күштер қозғалысымен өмір сүреді»-дейді.

В.И.Вернадский ақыл-ойдың пайда болуы Жерде тіршіліктің пайда болуы сияқты маңызды құбылыс деп есептеді. Ол өмірді планетаның орналасуы сияқты, ғарыштық орналасудың бір бөлігі, сондықтан: «өмірдің жұмбағының шешілуі тек тірі ағзаны зерттеумен ғана өлшенбейді» деп санады. Барлық ғарышшылдарға тән ортақ нәрсе- олар табиғатты құрал ретінде қабылдамайды. Олар - табиғат адамның қызметшісі емес, туысы дейді. Табиғат та адам сияқты соны субъект, тек адамға қарағанда көпше пішіндегі жиынтық. Адамның ондағы рөлі-оны қанау емес, оны құлдықтан, сөну, өшу, жойылудан құтқару деп пайымдайды.

Орыстың қайта өрлеу кезеңіндегі Н.О.Лосский, Н.А. Бердяев, П. А Флоренский, И. А. Ильин т. б. өкілдерінің пікірлерінен орыс ғарышшылдарының идеяларына ұқсас бағыт аңғарылады. Олар: «Адам- мәдениет кіндігі, оның жоғарғы рухани құндылығы адамның мәдениетке жету және жасау арқылы өзінің рухани мәніне ие болады және адамзаттың бөлшегіне айналады. Жеке бастапқы тек мәдениетте ғана ашылады. Әлем ортасында Адам тұр, адам тағдыры әлем тағдырын шешеді. Бірақ жаңа тарих шыңында адам тұлғасы барған сайын табиғатта да қоғамда да құлдықты сезінеді. Адам өзі жасаған материалдық ортаның, машинаның құлы болып барады»-дейді. Н.А.Бердяевтың негізгі идеясы - адам рухымен санасының еркіндігі. Оның пікірінше, махаббат - басқа өмір жасайтын шығармашылық акт. Махаббатта қайталанбас тұлға ғана танылады. Ал Н.И.Ильин «Біздің болашағымыздың шығармашылық идеясы» атты кітабында: «Болашақ Ресейде білім беру рухани тәрбиеден жекеленбеуі, оқыту рухани тәрбиеден ажырамауы керек»,-деген құнды тұжырым жасайды.

Ал К.Н.Вентцельдің қоғамдық табиғи орта мен тұлғаның өзара қарым қатынасы туралы ой-пікірлері ерекше еді. Оның идеялары «Как

создать свободную школу (Дом свободного ребенка)» (1906 ж.), «Новые пути воспитания и образования детей» (1909 ж.), «Отделение школы от государства и декларация прав ребенка» (1918 ж.), «Теория свободного воспитания и идеальный детский сад» (1923 ж.) еңбектерінде көрініс тапты. Оның ойларының озықтығы, қоршаған ортамен қарым-қатынаста ұрпақтың дербес дамуына толықтай еркіндік беру де болып табылады. Яғни, ол балаларға еркін тәрбие беру мен дамыту тұжырымын негіздеді.

Ал адам, тұлға мәселесі мен оның әлеуметтік мәні туралы шығыстық ой пікірлерге келетін болсақ, оның түп тамыры тіпті ежелгі мұралардан бастау алады деуге толық негіз бар. Мәселен, «Авеста» кітабын айтуға болады. Заратуштраның түсінігінде адам - еркін жан, сондықтан тәуелсіздік, бостандық, адами Менінің көріністері болып табылады. Адам өмірде таңдау жасап, өз жолын өзі қалап алуға қабілетті және ерікті. Алайда оның пікірінше, таңдау еркіндігі адамды жауапкершіліктен босатпайды. Демек, Заратуштра ілімінде адам еркіндігі мен жауапкершілігі өзара тікелей байланысты. Заратуштра бойынша адам өз өмірінің, тағдырының жасампазы дәрежесіне көтеріледі. Заратуштра адамды қалай әрекет еткен дұрыс болады деп үйретуді маңызды санамайды, ол үшін бастысы - жақсылық пен зұлымдықтың, еркін таңдаудың мәнін түсіндіру. Адамның бұл болмыстағы бағдарлары, біріншіден, сана – ол ізгі оймен байланысты. Парасат – ізгі сөзбен байланысты. Әдеп - ізгі іспен байланысты. Сана мен парасат адам әрекетінде, оның істерінде көрініс табады. Бұл жерде ой мен сөздің, сөз бен істің арасында қарама-қайшылық, алшақтық болмауы ерекше маңызды, кері жағдайда адам рухани құлдырайды, тіпті азғындайды, адам бойындағы арамдық, алаяқтық соның нәтижесі деп саналады. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық шекарасы адам бойында, оның санасында, парасаты мен әрекетінде жатыр. Бұл дүниедегі зұлымдық – арам ойдың, жалған сөздің, айуандық әрекеттің жиынтығы, оның негізгі, топ бастауы адамның өз еркіндігін дұрыс түсінбеуінде, ізгілікке сай жүзеге асырмауында жатыр деп пайымдайды.

Ал Ежелгі Түрік қағанатында адам мәселесі мен оның қасиеттеріне ерекше мән берілген. Бұған Күлтегінге қойылған ескерткіш мәтін мазмұны дәлел болады.

IX ғасырдағы Қорқыт Ата еңбегіндегі адам туралы толғаныстары, оның дамуы, әлеммен үйлесімділігі мен еркіндігі, мүмкіндігінің шегі туралы пікірлері бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ.

Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы

трактат», «Азаматтық саясат», «Бақыт жолын сілтеу», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» еңбектерінде әр адамның бақытты болуға құқылы екендігін жазды. Сонымен қатар гуманист ойшыл адам тек жетілген қоғамда ғана білім мен ғылым, түзу тәлім-тәрбиеу арқылы кемелденеді деп тұжырымдады. Және қайырымды болу жолдарын сілтейді. Әл-Фараби пікірінше адам жаратылысынан -ақ қоғамдық тұлға және ол қоршаған ортадағы басқа адамдармен қауымдасып өмір сүру нәтижесінде бір- бірін толықтырып, жетілдіреді дейді.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде адамның тағдыры, оның қоғамдағы орнына қатысты көзқарастарын білдіреді. Сонымен қатар ойшыл өз еңбегінде адамды бала кезінен тәрбиелеудің маңызына ерекше көңіл бөледі.

Ал 15-16 ғасырдың данышпан жырауы Асан Қайғының адамға деген көзқарастары, адамдардың мемлекеттегі орны мен тәрбиесі туралы ойлары жырларында көрініс тапқан.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» адам мен қоғамның арақатынасының негізгі ұстанымдарын айқындады.

Ш. Уәлиханов адамдардың дамуы үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет деп тұжырымдады.

Ұлы ағартушы Б.Алтынсарин өз шығармаларында білімнің адам өміріндегі мәнін ашуға тырысты.

Кемеңгер қайраткер А.Кұнанбаевтың зерттеуінің басты нысаны - адам болды. Ақын қазақ қоғамындағы адам мәселесі мен оның қоғамдағы мақсат-мұратын жырлады. Ол адамның тұлға ретінде жетілуіне ықпал ететін алғышарттар ретінде - талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақымды атап көрсетті. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа Абай аса зор мән берді. Өйткені ол адамның тұлға ретінде қалыптасуының негізі қоғам деп есептеді. Сонымен қатар Абай әр адамды өз қалауынша өмір сүруге құқылы деп санады.

Ш.Құдайбердиев әр адамды бағалап, әрі оларды алаламай ізгі қарым-қатынас жасауға үндеді. Ол өз ел-жұртына адал болу - әр адамның азаматтық парызы деп тұжырымдады. Ойшыл «Үш анық» еңбегінде адам мен оның танымы мен ақыл-ой деңгейін қарастырады. Ғылым, дін, ұждан категорияларының ара жігін ажыратып

көрсетеді. Аталған бабаларымыздың адам мен оның әлеуметтік мәні және тұлға ретінде қалыптасу шарттары ой-пікірлерінің құндылығы бүгінге дейін өз мәнінде деп білеміз.

Сонымен адам, оның әлеуметтік мәні мен тұлғалану үрдісі туралы батыстық және шығыстық адамтану тұжырымдамаларын зерделей келе, олардың үш философиялық категория: жақсылық, ақиқат, сұлулық айналысында өрбитінін анық байқаймыз. Солар арқылы адам бейнесі айшықталып, адам белсендіріледі. Қорыта кетсек, кемшіліктеріне қарамастан Маркстің тұжырымдамасындағы ойларды толығымен жоққа шығаруға болмайды. Өйткені ешкім дәл Маркс сияқты адамның әлеуметтік мәнін ашып бере алмады. Ал адам туралы діни тұжырымдама руханилыққа шақырғанымен қуаныштан ада болатын, бірақ мақсатқа ұмтылған аскеттік тұлға қалыптастыруды көздеді. Ф. М. Достоевский тұжырымдамасы рухани бай тұлға қалыптастыруды көздеуімен құнды. Мұнда - сана да мәдениетте айтылған. Психоналитикалық тұжырымдама адаммен не болып жатқанын саналы сезінетін, санасыздықтан саналыққа өтуге қабілетті тұлға қалыптастыруды қалады. Яғни, нәтижесі саналы, мәдениетті, рефлексивті тұлға қалыптастыруды көздейді. Шығыс ғұламаларының тұжырымдамаларына келсек, олардың барлығы дерлік гуманизмге негізделген, әрі толық адамды қалыптастыруды мақсат етіп, оның шарттары мен жолдарын нұсқауымен аса құнды деп білеміз. Демек, әлеуметтенген тұлға қалыптастыру үрдісінде аталған басты тұжырымдамаларды білудің маңызы зор деп білеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуелғазина Т.А. Жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуінің ерекшеліктері. А.2005.
2. Иманбекова Б.И. Тәрбиеге жетекші. А.ПС «Алишер», 2004.
3. Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы. Р/наДону., «ИЦМарТ» 2002.
4. Кузнецова А.Я. Личность как результат процесса социализации //Биологическое и социальное в формировании целостной личности - Рига, 1977 - с.58.